

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 100 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 1 маусымда № 4-6-116 тіркелді. Күші жойылды - Индер ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 315 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Индер ауданы әкімдігінің 2011.12.29 № 315 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметін белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру және жіберу ұйымдастырылсын.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу мақсатында аудандық шақыру және резервтік комиссияларының құрамы 1 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне және

Индербор кенті округі әкімі аппаратына Индер аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім қарамағына техникалық қызметшілерді 2-қосымшаға сәйкес б ө л у т а п с ы р ы л с ы н .

4. Аудандық орталық ауруханаға (келісім бойынша) шақыру (жиын) пункттерін жабдықтауды және оған қажетті дәрі-дәрмекпен, құрал-аспаппен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Шақыру учаскелері мен жиын пункттерінде жұмыс істеу үшін іссапарларға жіберілген шақыру комиссиясының мүшелерінің, медициналық, техникалық қызметкерлердің, сондай ақ қызмет көрсету персоналы адамдарының осы міндеттерді атқару уақытында жұмыс орны, атқаратын қызметі және жалақысы с а қ т а л а д ы .

6. Егер аталған адамдардың өз міндеттерін атқаруы іссапарлармен байланысты болса, аудан әкімі аппараты олардың тұрғылықты жерінен жұмыс орнына баруға және қайтуға, тұрғын үй жалдауына жұмсаған шығыстарын, сондай-ақ іссапар шығыстарын өтеуді қамтамасыз етсін.

7. Кент, ауылдық және селолық округ әкімдері өз округтері аймағында әскери шақыруға жататын барлық азаматтарды шақыру комиссиясына жеткізсін және автомобиль көлігін бөлуді қамтамасыз етсін.

8. Аудандық ішкі істер бөліміне (келісім бойынша):

1) әскери қызметке шақырудан жалтарған тұлғаларды іздестіріп, тауып, шарасын алу, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ аудандық және облыстық шақыру комиссияларына, әскер қатарына шақырушыларды тасымалдау кезінде және аудандық шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

2) шақырудан жалтарған тұлғалардың тұрғылықты жерін анықтау және іздестіру үшін топтарды ұйымдастыру ұсынылсын.

9. Индер ауданы әкімдігінің "2010 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізу ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" 2010 жылғы 3 тамыздағы № 164 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылдың 3 қыркүйегінде № 4-6-106 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Индер ауданы әкімінің орынбасары А . Б а л а х м е т о в қ а жүктелсін .

11. Осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Рахметқалиев

К е л і с і л д і :

Аудандық орталық аурухананың
бас дәрігері А. Доспаева
Аудандық ішкі істер бөлімінің
бастығы А. Құбайдуллин
Аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы Б. Сұлтанов
Аудан әкімдігінің
2011 жылғы 17 мамырдағы
№ 100 қаулысымен бекітілген
1-қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Сұлтанов Берік Сұлтанұлы	Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, комиссия төрағасы келісім бойынша);
Омаш Максот	Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру, кадрмен жұмыс және мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі, комиссиясы төрағасының орынбасары.
Комиссия мүшелері:	
Доспаева Анар Құбайдоллақызы	Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша);
Бигамбаев Ерлан Валерьевич	Ауданының ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Гилманова Роза Кәрімқызы	Аудандық орталық аурухананың медбикесі, шақыру комиссиясының хатшысы (келісім бойынша).
Аудандық әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы	
Аманғалиев Айдос Базарғалиұлы	Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің әскерге шақыру жән келісім-шарт бойынша әскери қызметке жинақтау бөлімшесі бастығы комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Өтемұратов Ерсайын Асқарұлы	Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру, кадрмен жұмыс және мемлекеттік құқық бөлімінің бас маманы-заңгер, комиссиясы төрағасының орынбасары.
Комиссия мүшелері:	
Ескалиева Жанар Әбілқызы	Аудандық орталық аурухананың дәрігері, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша);
Умбетов Ринат	Аудандық ішкі істер бөлімінің кадр инспекторы (келісім бойынша);
Имангазиева Марал Құраққызы	Аудандық орталық аурухананың медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Аудан әкімдігінің
2011 жылғы 17 мамырдағы
№ 100 қаулысымен бекітілген
2-қосымша

2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруға байланысты Индер аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің қарамағына бөлінетін қызметкерлердің саны

Р/с	Мекеменің аты	Бөлу мерзімі	Қызметкерлер саны
1	Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	мамыр-маусым қазан-желтоқсан	1
2	Индербор кенті округі әкімі аппараты	мамыр-маусым қазан-желтоқсан	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК